

А. Қартаева, Д.Ысқақұлы

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,

Өскемен, Қазақстан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

E-mail: kartaeva2011@mail.ru, danday_09@mail.ru

ORCID: 0000-0003-1715-6186, 0009-0006-8281-8659

АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ТҰЖЫРЫМЫ

Аңдатпа. Мақалада Абай шығармаларында бой көрсеткен «толық адам» ілімін таратып жазуды мақсат етеді. Әлемнің ойшылдары мен даналары адам бойындағы адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу қажеттілігін ең бірінші кезекке қояды. Гуманистік таным тұрғысынан алғанда, Абай да өзі өмір сүрген XIX ғасырдағы қазақ қоғамында жастардың адамгершілік ұстанымдары мен қасиеттері қандай болу керек деген ойға ерекше мән берген. Осы сұрақтың төңірегінде хакім Абай көп ойланып толғанған. Қазақ халқының қоғамдық ой санасына лайық деп ұсынған Абайдың «Толық адам» тұжырымы мақалада арнайы зерттеледі. Автор Абайдың мораль философиясына қатысты ойларының түпкі негізін М. Әуезовтің «нравственная личность» деп атаған терминімен тығыз бірлікте болғанын анықтайды. Абай шығармаларындағы толық адам жайлы тұжырымын алғаш рет ғылыми тұрғыдан анықтап, оны оқырманға түсіндіріп жеткізген ғалым М. Мырзахметұлы екенін атап, оның Абайдың шығысқа, исламиятқа қатысын зерттеген еңбегіне түсінік береді. М. Мырзахметұлы М. Әуезовтің тезистік ой-желісін ары қарай дамытып, ғалымның еңбегін жалғастырып, ғылыми арналарға бағыттағанын дәлелдейді. Абайдың ағартушылық-гуманистік көзқарасынан туындаған мораль философиясына негізделген «кемел адам» ілімінің қалыптасу негіздері, даму арналары жан-жақты қарастырылады. Ақын шығармаларының негізгі арқауы – адам, толық адам екені мақалада дәлелдене түседі. Ақын поэзиясындағы «үш сүюді»: «алланы сүю», «адамзатты сүю», «әділетті сүю» деген үш асыл қазынаны атап, оларға сипаттама береді. Адамзатты дұрыс адам болуға, адамгершілік ізгі жолға шақырған «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіне толық талдау жасайды. Абай ұсынған этикалық әдеп нормаларын атайды. Адам болудың жолын көрсеткен бағдарламалық өлеңінің мағынасы терең екенін, «адам болам десенің» деп шарт қоятынын түсіндіреді. Гуманист ақынның «Бес нәрседен қашық болуды», «бес нәрсеге асық болудағы» шарттарын атап, осы жолда талаптанған жастардың ғылымға ұмтылу қажеттігін айтады.

Кілт сөздер: Ақын, ойшыл, гуманист, адам, «толық адам», өлең, қарасөз, философия, этика, мораль.

А. Картаева, Д.Исқақұлы

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,

Усть-Каменогорск, Казахстан

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби

Алматы, Казахстан

E-mail: kartaeva2011@mail.ru, danday_09@mail.ru

ORCID: 0000-0003-1715-6186, 0009-0006-8281-8659

Концепция Абая: «Полноценный человек»

Аннотация. В статье ставится цель распространить учение о «полноценном человеке», имевшее место в произведениях Абая. Мыслители мира ставили на первый план необходимость воспитания нравственных качеств человека. С точки зрения гуманистического познания Абай также придавал

особое значение мысли о том, какими будут нравственные принципы и качества молодежи казахского общества XIX века, в котором он жил. Хаким Абай много размышлял над этим вопросом. В статье специально исследуется тот факт, что Абай предложил общественному сознанию казахского народа концепцию «полноценный человек». Определено, что М. Ауэзов рассматривал линию размышлений о нравственной философии в произведениях Абая в непосредственном единстве и связи с проблемой нравственной личности. М. Мырзахметов был тем ученым, который первым изложил читателю научным языком знания Абая о полноценном человеке. Доказывается, что М. Мырзахметов развил тезисную мысль М. Ауэзова, продолжив труд ученого и направив его в научное русло. Всесторонне рассмотрены основы становления и каналы развития учения о «полноценном человеке», основанного на нравственной философии, вытекающей из просвещенно-гуманистического мировоззрения Абая. В статье доказывается, что главной основой творчества поэта является человек, полноценная личность. Называются и анализируются «три любви» в поэзии поэта, как три драгоценных сокровища: «любовь к Богу», «любовь к человечеству», «любовь к справедливости». Сделан полный анализ стихотворения «Не гордись, не обретя науки», которое призывает человечество быть добрым человеком и идти по доброму нравственному пути. Абай упоминает нормы этического поведения. В статье поясняется, что программное стихотворение, показывающее, как стать сознательной личностью, имеет глубокий смысл для тех, кто «хочет стать личностью». Поэт-гуманист упоминает условия «держаться в стороне от пяти вещей» и «спешить за пятью вещами» и говорит, что молодежь должна стремиться к науке.

Ключевые слова: Поэт, мыслитель, гуманист, человек, «полноценный человек», слова назидания, стихотворение, философия, этика, мораль.

A. Kartaeva, D. Iskakuly

S. Amanzholov East Kazakhstan University,

Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

Al-Farabi kazakh national university

Almaty Kazakhstan

E-mail: kartaeva2011@mail.ru, danday_09@mail.ru

ORCID: 0000-0003-1715-6186, 0009-0006-8281-8659

Abai's concept: «A full-fledged man»

Abstract. The article aims to disseminate the teachings of Abai «full-fledged man», reflected in his works. The thinkers of the world put the need to educate moral qualities in a person in the first place. From the point of view of humanistic knowledge, Abai also paid special attention to the idea of what the moral principles and qualities of young people will be in the Kazakh Society of the 19th century, where he lived. In this regard, Hakim Abai thought a lot. The article specifically examines how the Kazakh people put forward the concept of «full-fledged man» as worthy of public consciousness. It is determined that M. Auezov considered the line of reflections on moral philosophy in Abai's works in direct unity and connection with the problem of moral personality. M. Myrzakhmetov was the scientist who first presented to the reader Abai's knowledge about the integral person in scientific language. It is proved that M. Myrzakhmetov developed M. Auezov's thesis idea, continued the work of the scientist and directed him to scientific channels. The foundations of the formation and channels of development of the doctrine of «full-fledged man», based on the philosophy of morality, which arose from the Enlightenment and humanistic vision of Abai, are considered in detail. The article will prove that the main basis of the poet's works is a person, a complete person. «Three loves» in the poet's poetry - they say: «love Allah», «love humanity», «love justice», highlighting and analyzing these three precious treasures. A complete analysis of the poem «Don't be proud without finding science» is made, which calls mankind to be a good person and follow a good moral path. Abai mentions the norms of ethical behavior. He explains that the programmatic poem, which shows the way to become a person, has a deep meaning, and that it stipulates that «if you want to become a person. «The humanist poet mentions the conditions of «staying away from five things» and «being in a hurry for five things» and says that young people who are demanding in this way should strive for science.

Keywords: Poet, thinker, humanist, man, «full-fledged man», words of edification, poem, philosophy, ethics, morality.

1. Кіріспе

Адамның бұл дүниедегі орны мен маңызы туралы әлем ойшылдарын көптеген ғасырлар бойы толғандырып келеді. Бұл мәселе әрқашан ойшылдардың назарында болып, әлемнің пайда болуы, адамның дүниедегі орны, оның этикалық-эстетикалық мәселелерінің шешімін іздеуде көп із қалдырды. Әсіресе мұсылман ойшылдары философиялық ілімдер тарихы мен адамзаттың рухани мәдениеті туралы көптеген қызықты да өзіндік ой-толғаулар қалдырды. Адамның кемел тұлғасы, оның рухани дамуы ислам діні мен сопылық мәдениетте айқын көрініс тапты.

Қоғамдық философиялық және діни танымдық тұрғыдан алғанда «адам» ұғымы өте терең. Әр кезең ойшылдары дұрыс адам болудың, толыққанды адам болудың жолдарын іздеп, әртүрлі ой білдіріп, пікірлер айтқан. Біреулері сол адамға лайықты дұрыс жол бар деп нұсқаса, екіншісі адам бойынан соншама жамандықты көріп ескертті. Аристотельдің «Метафизика» еңбегінде: «Адамдардың бәрі де табиғатынан білімге ұмтылады. Оған дәлел – сезімдік әсерлерге ойысатындығы: олардан пайда бар ма, жоқ па, оған қарамастан оларды өздігінен бағалы деп қарайды, әсіресе көру әсерлері, өйткені бір нәрсе істеу үшін, тіпті ешнәрсе істемесек те, көруді біз бәрінен де артық санаймыз», - дейді (Аристотель, 2002: 36). Ал Бэкон: «Адам табиғаттың қызметшісі және түсіндірушісі, оның реттілігін ісімен және пайымдауымен қаншама ұғынса, соншама атқарады әрі түсіндіреді, одан артық ол білмейді және біле алмайды», - дейді (Бэкон, 2002: 47).

Әлем ойшылдары Конфуций мен Лао-цзы, Ибн Сина мен әл-Фараби, Кант пен Спиноза және т.б. қоғамдық моральдық жүйе құра отырып, адамды адам бойындағы адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу қажеттілігін ең бірінші кезекке қойды. Гуманистік таным тұрғысынан алғанда, Абай да өзі өмір сүрген 19 ғасырдағы қазақ қоғамында жастардың адамгершілік ұстанымдары мен қасиеттері қандай болады деген ойға ерекше мән берген.

Қазақ дүниетанымындағы ізгілікті идеялар о бастан адам болмысына баса назар аударды. Ең алдымен адамды қоғамдағы әлеуметтік атқаратын рөлі мен алатын орнына мүлдем қатыссыз, тең тұрғыда, табиғи теңдік кеңістігіндегі тұлға ретінде қарастырады. Әлеуметтік теңсіздік қоғамдық қатынастарға тереңдеп енгенімен, қазақ гуманизмі бастапқы мақсаты мен мәнінен айнымайды. Ізгілік жалпы адамзаттық ілім ретінде адамның ішкі әлеміне, жан дүниесіне, ар-ожданы мен қайғы қасіретіне шынайы келді.

Шығыстан да, Батыстан да мол ілім жиған Абай адамзат биігінде өз ой-танымын, пәлсапалық ойын қорытып шығарды. Атап айтсақ, әл-Фарабидің философиялық ілімдерінің бастауы, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Ясауидің моральдық философиясы, Бақырғани Сүлейменнің сопылық ілімінің негіздері арқылы өзінің қазақ жерінде «толық адам» ілімін қалыптастырды.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Абай шығармаларындағы «толық адам» тұжырымын зерттеу барысында жинақтау, сипаттау, даралау, салыстыру, талдау әдістерінің принциптері басшылыққа алынып қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Абайдың «толық адам» туралы ілімін зерттеген ғалымдар М. Әуезов (Әуезов, 1985: 496), М. Мырзахметұлы (Мырзахметұлы, 1982: 296), Т. Жұртбай (Жұртбай, 2021: 496), М. Әліпханов (Әліпханов, 2020: 480) еңбектерін, негізге ала отырып, ойшыл ақынның адам, толық адам жайлы тұжырымы өлеңдері мен қарасөздері арқылы талданып дәйектелді. «Абай Құнанбаев шығармаларындағы ұлттық мінездің метафоралық концепциясы» ғылыми мақаласы негізге алынды (Orynkhanova, Nurlanova, Sabyrbaeva, Amankulova, Tolegenov, 2020).

Абай атаған «толық адам» ұғымына сипаттама беріліп, М.Әуезов ұсынған термин мен М. Мырзахметұлы негіздеген ғылыми концепция ұсынылды. Ақынның толық адам тұжырымы өз шығармалары арқылы дәлелденіп, толық адамға қойған талабы нақтыланып көрсетілді.

3. Талқылау

Абай өз еңбектерінде адам болудың талап-тілектерін атап, зерделей отырып, адамгершілік таным бойынша адамдықтың негіздері, жастардың адамдық белгілері, бойына тән қасиеттері қандай болу керектігіне баса назар аударады. Ақын шығармашылығында бұл мәселе өмір бойы маңызды әрі өзекті болып келді. Ол ғұмыр бойы өз шығармаларында адамдықты танытуға ұмтылды, толық адамды іздеді. Толық адамның белгілерін адамдардың бойынан іздеді.

Абайдың түсіндіруінше, толық адам – білімді, білікті, ақылды адам. Осы жөнінде М. Әуезов Абайдың айтуынша адамның ең үлкен қазына байлығы, әрбір жастың асқақ арманы – ғылым. Сол ғылымды өлеңнің әр жерінде шағын дүние деп бағаламайды. «Ғылым» сөзі бірнеше мағынаны саналы түрде қолдану арқылы кең ауқымда терең білу дегенді білдіретінін анықтап жеткізеді. (Әуезов, 1985: 121).

М. Әуезов Абайдың адамгершілік философиясына көзқарасы жайлы ойларын алғашқы және соңғы жылдары жазған еңбектерінде ерекше қарастырған. Абайдың мораль философиясы жайлы ойларын айтқанда, М. Әуезов өзі анықтап көрсеткен нравственная личность деген терминмен байланыста зерттегенін ғалым М. Мырзахметұлы атап көрсетеді. (Мырзахметұлы, 1982: 94). М. Әуезов Абай мұрасын зерттеуге арналған еңбектерінде «нравственная личность», «гармоническая личность» деген атауларды атап таныстырады. Ол ойларын ақынның қарасөздері туралы зерттеу еңбегінде былай жеткізеді: «Он жетінші сөзде Абайдың өз тұсындағы және Абайдан бұрынғы үлкен моралист, педагог ойшылдардың, ұстаздардың көп айтқан пікіріне жанасатын ой-толғау жүргізеді. Ол – толық сапалы адам болудың шарты, гармоническая личность жайындағы ойлар» (Әуезов, 1985: 227).

Абайдың толық адам туралы танымын көпшілікке ғылыми тілмен түсіндіріп, абайтану ғылымында «толық адам» концепциясын енгізген профессор М. Мырзахметұлының 1982 жылы жарыққа шыққан «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» деген зерттеу еңбегінде Абайдың дін және адамгершілік көзқарасы туралы арнайы қарастырылып, ғылыми айналымға енеді. Ғалымның айтуы бойынша, ғасырлар бойы күн тәртібінен түспей келе жатқан адамгершілік идеясы адамзат қоғамы тарихындағы маңызды мәселелердің бірі. Гуманист атаулылардың барлығы егер дүниедегі ең асыл және ең құнды нәрсе – адам болса, онда бұл адамның ең маңызды қасиеттері қандай деп, барлық дәуірдің ойшылдары өздерінің

тұжырымдамалары тұрғысынан заман талабына сәйкес жауап берді. Осындай тарихи мәселе Абай өмір сүрген 19 ғасырдағы қазақ қоғамының ұлы ойшыл алдына да қойылды. (Мырзахметұлы 1982: 230).

Ғалым М. Мырзахметұлы Абайдың толық адам туралы танымын ғылыми айналымға түсіріп, жарты ғасырдан артық уақыт зерттеумен келеді. Ол М. Әуезовтің тезистістік ой-желісін ары қарай дамытып, бастау арналарын негіздеп, ғылыми тұжырымдамасын жасады. М.Мырзахметұлының ұзақ жылдар бойы зерттеп, ғылыми айналымға негіздеген толық адам туралы зерттеулері 2020 жылы жарық көрген «Абайдың толық адам» ілімі атты еңбегімен жалғасты. Еңбекте былай делінген: «Абайдың адамгершілік философиясымен байланысты гуманистік ой-пікірдің қазіргі бағыттарының бірі көбіне *толық адам, жарым адам, толық инсаният, пенделіктің кәмәлэттығы, кәмәлэт газамат* өз заманында, сол ортада белгілі, бірақ мағынасы қалың оқырманға беймәлім сөздер мен ұғымдарға негізделеді. Бұл терминдердің көпшілігі Абай қарасөздерінде кеңінен қолданылғанымен, олардың мағыналық негізі өлеңдерінде жатыр», - дейді (Мырзахметұлы, 2020: 99).

Ғалым С. Қасқабасов: Адам бойындағы асыл қасиеттерді бірінші орынға қойған кемегер «толық адам» деген ұғымды алғаш ұсынып, «адамның адамнан артықшылығы ақыл, ғылым, ар, мінез арқылы ғана озбақ» деп бағалаған ойшылдың билік пен байлыққа қарамай, адамгершілік пен ізгілік қасиеттің алғашқы белгілері сол кезеңнің игіліктерінен бастау алған», - деп ақынның толық адам ілімінің негізі халқымыздың бай ауыз әдебиетінен басталатынын айтады (Қасқабасов, 2021: 20).

Ал ғалым М. Бекбосынов толық адам ілімінің түп төркіні шығыс әдебиетінен деген ғалым М. Мырзахметұлының пікірін жалғастырады. «Толық адам танымы – Абайдың шығыс дүниетанымының бастауынан тапқан рухани қазынасы. Жетілген адам, ізгі де қайырымды адам, кемел адам туралы ойлар - бүкіл адамзатқа жақсы таныс. Бірақ бұл ілім Абайға шағатай тіліндегі әдебиет мен шығыс ойшылдары арқылы жеткен. - деп Абайдың «толық адам» ілімінің шығу төркінін атап көрсетеді (Бекбосынов, 2014: 3).

Абай шығармашылығының алтын арқауында адамға деген құрмет, адамгершілік, ізгілік идеясы басты орында тұрады. Кемегер ойшыл нағыз Адам, «толық адам» қандай болу керек деген сұрақ айналасында терең ой толғап, соның шешімін іздейді, оған жауап та береді. Ақын поэзиясындағы «үш сүю» – үш асыл қазына:

1. Алланы сүй, оның даналығын сезін, Алланы махаббатпен сүй, Алланы жаныңмен сүй.

2. Әділдікті сүй, Құдайдың оның хикметін сүй.

3. Барша адамзатты сүй. Оны ақиқат жолы деп сүй. Алла жаратқан адамды сүйіспеншілікпен сүй.

«Осы үш сүю болады иман гүл,

Иманның асылы үш деп тахқиқ біл.

Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,

Басты байла жолына малың түгіл» (Абай, 1961: 297) - деген өлеңіндегі ақын поэзиясының күре тамыры осы үш сүюден тұрады. Ақынның қояр талабы да өзгеше. Ақынның «толық адамы» – «ақыл мен қайрат, жүректі» бірдей ұстаған адам.

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті» (Абай, 1961: 297).

Гуманист ақын «Адамзаттың бәрін сүй» деп ақыл айта отырып, «Адамзатты сүю – хақтың жолы, ғәділеттің жолы» деген анықтама береді. Ол ең бірінші «Алланы сүй», екінші «адамзатты сүй», хақ жолы «Әділетті сүй» деп терең философиялық өсиетпен адамзатты «үш сүюге» шақырады. Жер бетіндегі адамзат атаулыны бауырындай сүй, нәсіліне, ұлтына бөлмей барлығын сүй деп кең жүректі гуманистік көзқарасын білдіреді. Хақ жаратқанның жолы әділет деп, осы әділетті сүюге үндейді.

Абай адамды азамат ретінде, әкенің ғана емес, адамның баласы болуға шақырады. «Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» деп өсиет етеді. (Абай, 1961: 301). Адамдықтың басты қасиеті – адамгершілік екенін әрбір өлеңінде қайталап отырады. Адамшылықтың алды – «махаббат, ғәделет, сезім» дейді. Адамшылықтың негізі тәрбие мен өнеге арқылы келетінін дәлелдейді.

«Адам баласына адам баласының бәрі – дос» (Абай, 1961: 301), деген нақыл сөзі Абайдың: «Адам деген кім?», - деген сауалына берген өз жауабы. Адамның ең басты ерекшелігі оның адамшылығында екенін түйіндеп айтады. Адамның бойындағы ең басты қасиет: ар, ұят, талап, еңбек, қанағат, рахым деп атап көрсетеді.

Абайдың толық адамға қояр талабы қандай? Соған жауап беріп көрелік:

1. Білім мен ғылым адамзат руханиятының негізі десек, Абай толық адамды, адамды тұлға ететін ғылым мен білім екендігін дәлелдейді. Білім – адам имандылығының негізі. Білім мен ғылым мал табу мен мансап қуудың көзі емес, ол надандықтан, қараңғылықтан шығудың бірден-бір жолы екенін көрсетеді. Ғылым мен білімді өркениетке апаратын даңғыл жол деп біледі. Ақын бұл тірлікте, өмірде, қоғамда «бір ғылымнан басқаның бәрін де кесел» деп ұқтырады. Білім мен ғылым ізгілікке, имандылыққа бастайтын жол деп ерекше мән береді.

2. Еңбек – Абайдың адамгершілік өлшемі. «Адал еңбекпен мал іздемек, ол – арлы адамның ісі». Нағыз, толық адам болудың кезекті бір шарты – еңбек, қызмет деп біледі. Оны қоғамды дамытушы, іргелі өркениетті елге жеткізуші деп қарастырады... Қоғамдағы, адам өміріндегі еңбексіздіктің, жалқаулықтың барлық кеселдің түпкі себебі деп түсіндіреді.

3. Абай – өнерді, сөз өнерін дәріптеуші. «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады». Ақынның өнер, сөз өнері туралы эстетикалық көзқарасы, талабы жоғары.

Толық адам – өнерлі адам. Өнер, соның ішінде ән, сөз өнері – адам тіршілігінің рухани байлығы, тірліктің маңызды бір бөлігі екені жырланады. Ақынның поэзияны, музыканы жырлауда жаңаша ой қозғайды. Қоғам, адам, өнердің бірлігі, олардың адамға, қоғамға қызмет етуіне ерекше көңіл бөледі. Ақындық мұрат, ән, сөз өнеріне қоятын эстетикалық талабы биік. Өнердің қоғамдағы, адам тәрбиесіндегі маңызын көрсетеді.

4. Ақын сұлулықты дәріптейді. «Сұлуды сүю – пайғамбар сүннәті». Толық адам – сұлу адам. Абайға тән сұлулығы жан сұлулығымен үйлесім табуы керек. Ол –

имандылық, адамдық мінез-құлық сұлулығы. Абай адамның сұлулығын табиғат сұлулығымен бірлікте ала отырып, Абайдың адам сұлулығын жүйрік ат, қырын бүркіт, жыл мезгілінің сұлулығымен астастыра жырлайды. Мысалы, «Жаз» өлеңінде жазғы табиғат сұлулығы сыңғырлай күліп үй тіккен қыз-келіншектер іс-ірекеті, қалжыңы, дене сұлулығымен ажырамас бірлікте сипатталады. Сонымен, Абайды сұлулыққа құштар ететін негізгі объектілер – табиғат, сұлу әйел, жаны сұлу, таза адамдар, қыран бүркіт, жүйрік ат, саятшылық. Ақын дүниедегі барлық сұлулық атаулыны бірлікте қарастырады.

5. Ақын достықты, махаббатты жырлайды. «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаділет, сезім». Толық, нағыз адам – «доссыз аузы тұшымайтын» әрі «махаббатсыз дүние бос» деп есептейтін биік рухты адам. «Махаббат пен ғадауат» ақын поэзиясының асыл гүліндей. Ақын махаббаты адам тірлігінің хайуанынан айырмашылығының, адамдық тұлғасының бас сарапшысы ретінде жырлайды. Ғашықтық пен құмарлық екі нәрсе екенін ажыратып береді.

Абай махаббат, шынайы, адал достықты адалдықтың қайнар көзі ретінде көрсетеді. Ақын поэзиясы – сұлу да мөлдір, пәк сезім, адамдық биік рухтың үні. «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең, істің бірі бос» халықты береке-бірлікке шақырады. Екі адамның достығы емес, халықтың достығын, қазақтың достығы емес, бүкіл халықтың достығын жырлап, адамзаттың бәрін сүйге, достық бірлікке үндейді.

Ақын шығармаларында үнемі айтылып отыратын екінші махаббат немесе негізгі ой қазығы «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» деген пәлсапамен берілген. 38-ші қарасөзіндегі «және хақ жолы осы деп әділетті» деген сөзінен ғақылия дәлелдері негізінде берілген әділет ұғымына негізделген үшінші махаббатты көреміз. «Әсемпаз болма әрнеге» атты өлеңіндегі басты мәселе осы үшінші сүюдің мағынасы түрінде сөз болған.

4. Нәтижелер

Абайдың адамзатты дұрыс адам болуға, адамгершілік ізгі жолға шақырған – «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі. Адам болудың жолын көрсеткен бағдарламалық өлеңнің мағынасы терең. Абай «адам болам десеңіз» деген ой-желісінің негізінде *толық адам* жайлы даналық ойлары мен біршама танымының басты белгілерін атап береді.

Бұл өлең адам баласын түзу жол таңдап дұрыс өмір сүруге, жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман қасиеттерден жиренуге шақырады. Дүние де, мал да біліммен, оқумен келетінін түсіндіреді. Бұл – ақыл-нақыл үлгісінде жазылған дидактикалық өлең. Академик М.Әуезов бұл өлең туралы ел ішіндегі жастарға арналған мағыналы және програмдық бір өлеңі осы деп ерекше мән береді (Әуезов, 1985: 121).

«Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз» (Абай, 1961: 92).

Гуманист ақын «Бес нәрседен қашық болуды», «бес нәрсеге асық болуды» атап, осы жолда талаптанған жастар ғылымды үйренсе, адамгершілікке талпынса, адамдық қасиетке ие болады деген философиялық ой тастайды.

«Бес асыл іс...» Абайдың адамгершілік ілімі – жастарға ұсынған этикалық әдеп нормалары. Жастарды «Бес асыл іске» тартып өсиет айтып, оларды арлы болуға,

адамның асыл қасиеттерін бойларына ұялатуға шақырады. Адам баласының өсіп жетілуін, жеке адамның ақылы мен мінезі, адамгершілігі жағынан қалыптасып, толық адам деңгейіне жетуіне дейінгі барлық талап-тілекті ақын өлеңдері мен қарасөздерінде атап көрсетеді. Гуманист дегендердің бәрі дүниедегі ең құнды, ең қастерлі нәрсе адам екенін түсінсе, әр дәуірдің ойшылдары бұл адамның ең басты қасиеттері қандай деген сұраққа өз өз ұғым-нанымы мен заман талабына сай әртүрлі жауаптар беріп келеді.

«Адам деген атқа лайық болу, оған жетуге ұмтылатын не нәрсе?» деген сұраққа Абай:

«Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат рақым ойлап қой –

Бес асыл іс, көнсеңіз...» - (Абай, 1961: 92). –

деп нақтылы атап береді. Шындығында, нағыз адам болу үшін адам бойында адамгершілік, жақсылық, ізгі қасиеттер – адамгершілік, әділдік, достық, махаббат, намыс, сабырлық, батырлық, т.б. осылардың ішінен ақын жастардың бойындағы адамгершіліктің негізгі қасиеттері ретінде «бес асыл іс: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» жайлы пәлсапалық ой-толғауында барша қауымға жар салады.

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Кейде есер көңіл құрғырың», «Малға достың мұны жоқ малдан басқа», «Алла деген сөз жеңіл», «Менің сырым, жігіттер, емес оңай», «Жүректе көп қазына бар бәрі қызық», «Әсемпаз болма әрнеге», «Адамның кейбір кездері» атты өлеңдері мен 14, 15, 17-ші қарасөзінде толық адам жайлы танымы және ақыл, қайрат, жүрек, рахым, әділет жайлы ой-толғаныстары сөз етіледі.

«Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңі 1889 жылы жазылған. 12 тармақтан тұратын ақынның адамгершілік, адамшылық туралы философиялық өлеңі. Ақын өмір бойы өзі іздеген толық адам деген кім деген сұраққа:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек», – (Абай, 1961: 146).

деп жауап береді. Ақыл, қайрат, жүрек атты асыл қасиетті тең ұстаған жерде адам толық болады әрі осы үшеуінің жайын ғылым ғана білмек деген ой тастайды. Осы үш қасиет адам бойынан табиғи тұтастық тапса, сонда ғана нағыз кемел адам қалыптасады дейді.

«Абай ақылды суық мұзға тенеген. Ақыл – зеректік, бірақ ол неге суық? Ақыл – тек адамның қасиеті. Ол туралы талас жоқ. Ақыл – білімнің деңгейі, өлшемі, оның осы қасиетін Абай да ерекше қастерлеген. Ақылсыз ешбір білім-ғылым жоқ. Алла ақылды адамға (пендесіне) мүмкіндік ретінде берсе, әрбәр жан – оны өзгеше іске асырушы. Ақылды адам – көп білетін, түсінігі мол адам», дейді ғалым Ғ.Есім (Есім, 2019: 107).

Ақынның ақылға, жүрекке берген бағасы қандай? Ақыл – «зерек ақыл», жүрек – «ыстық жүрек», өлеңнің өн бойынан тоқтаусыз тулап, қайнап жатқан ақын ойын, ол ойдағы салмақты даналықты сезуге болады. Ақын құрғақ данышпандыққа бой ұрмайды, толық адамның басты қасиеттерін жай атап қана қоймайды, оны дәлелдейді. Толық адамның басты қасиеттерінің бірі – «зерек ақыл» – «суық мұз»

болса, жүрек – «ыстық» сол себептен де тұла бойды жылытады, ал қайратқа тән қасиет – тоқтаулылық, қалыпты шыдамдылық.

Осыларды сипаттап саралай келе, ақын толық адам кім дегенге жауап береді, соған анықтама береді. Ары қарай ойын тиянақтай, бекіте түседі, «біреуінің күні біреуінсіз жоқ» екенін дәлелдейді. Өлеңнің ең соңғы тармағында ғылымның орнын айрықша бағалайды. Толық адам, яғни ақыл, қайрат, жүрек бірігіп келген адам өміріндегі ғылымның маңызын бір-ақ жолмен түйіндеп береді. «Ғылым сол үшеуінің жайын білмек», мұндағы «үшеу» адам бойында. Олардың жөнін ғылым білсе, енді ол адамның да жөнін біледі. Әр сөзі шашаусыз, өз орнында, әр сөзінің астында таразыға сыймайтын даналық ойлар жатыр.

5. Қорытынды

Абай мұрасы – адамды рухани тұрғыдан байытып, санасына сәуле түсіретін асыл қазына. Ақынның адам, өмір, қоғам, заман мәселелерін арқау еткен шығармалары тек имандылықты, адамгершілікті насихаттайды. Ақын өлеңдері мен қарасөздерінде адам атаулының бойына рухани тәрбие, ізгілік дәнін егуге тырысты. «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» сияқты жамандық атаулыдан жирентіп, оның орнына «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» атты асыл қасиеттерді жас буынның бойына сіңіруді көздейді.

Абай Құнанбайұлының мораль философиясына негізделген «Толық адам» тұжырымы қазіргі кезеңдегі жаһандану, ұлттың өзін-өзі тануы, адамгершілік мәселелері тұрғысынан өзекті, зерттеу материалдарын көпшілік қауым тағылым ретінде өз кәдесіне жаратуына болады. Зерттеу нәтижелерін білім алушылар, магистранттар мен докторанттар, жалпы оқырман қауым дәріс ретінде пайдалануына болады.

Әдебиеттер:

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – 694 б.
2. Аристотель. Метафизика / Батыс философиясының антологиясы // Аударған: Қ.Әбішев, М.Сәбит, Ә.Қодар. – Алматы: Фонд Сорос-Қазақстан, 2002. – 464 б.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 20 т. – 496 б.
4. Әліпхан М. Адамгершілік ілімі және Хакім Абай. – Алматы: Қазақ кітабы, 2020. – 480 б.
5. Бекбосынов М., Әліпханов М. «Абайтану» пәні (курсы) Абайдың толық адам туралы ілімі // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2014. – № 5. – 3 б.
6. Бэкон / Батыс философиясының антологиясы // Аударған: Қ. Әбішев, М. Сәбит, Ә. Қодар. – Алматы: Фонд Сорос-Қазақстан, 2002. – 464 б.
7. Есім Ф. Ғұлама-наме. Ғылыми трилогия. – Нұр-Сұлтан: Хас-Сақ-2016, 2019. – 640 б.
8. Жұртбай Т. Соқтықпалы, соқпақсыз заманда өсті. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021. – 496 б.
9. Қасқабасов С. Абай шығармаларының фольклорлық бастаулары // «Керуен» журналы, №4 (73) 2021: 20. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-01>
10. Orynkhanova G., Nurlanova A., Sabyrbaeva R., Amankulova L., Tolegenov T. (2020) The metaphoric conception of national character in Abay Kunanbayev's works // Opción, 36 (91): 622-638. <http://produccioncientificualuz.org/index.php/opcion/article/view/31871>
11. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 296 б.
12. Мырзахметұлы М. Абайдың толық адам ілімі. – Алматы: Қазығұрт, 2020. – 240 б.

References:

1. Abai Kunanbaev. (1961) The complete works in one volume. – Almaty: Kazakh state publishing house of fiction, – 694 p (in Kaz.).
2. Aristotel. (2002) *Metaphysics / Anthology of Western Philosophy* // translated by K. (kaz.) Abishev, M. Sabit, A. Kodar. – Almaty: Fund Soros-Kazakhstan, – 464 p (in Kaz.)
3. Auezov M. (1985) Collection of works in twenty volumes. – Almaty: Zhazushy, – 20 volumes. – 496 p (in Kaz.)
4. Aliphan M. (2020) *Moral teaching and Hakim Abai*. – Almaty: Kazakh book – 480 p (in Kaz.)
5. Bekbosynov M., Aliphanov M. (2014) Discipline “Abai Studies” (course) Abai’s teaching about a complete person // *Kazakh language and literature*. – №5. – 3 p (in Kaz.)
6. Bekon (2022) / *Anthology of Western Philosophy* // translated by K. Abishev, M.Sabit, A. Kodar. – Almaty: FunAued Soros-Kazahstan. – 464 p (in Kaz.)
7. Esim G. (2016, 2019) *Scientist. Scientific trilogy*. – Nur-Sultan: Khas-Sak – 640 p (in Kaz.)
8. Zhurtbai T. (2021) *Grew up in a rampant era*. – Nur-Sultan: public fund “Alashorda”, – 496 p (in Kaz.)
9. Kaskabasov S. (2021) Folkloric origins of Abay’s works // *The Scientific Journal “Keruen”*, 73 (4), 20 p <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-01>
10. Orynkhanova G., Nurlanova A., Sabyrbaeva R., Amankulova L., Tolegenov T. (2020) The metaphoric conception of national character in Abay Kunanbayev’s works // *Opción*, 36 (91), pp. 622-638. <http://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/31871>
11. Myrzahmetov M. (1982) *Mukhtar Auezov and the problems of Abai studies*. – Almaty: Science – 296 p (in Kaz.)
12. Myrzahmetuly M. (2020) *The complete human teaching of Abai*. – Almaty: Kazygurt – 240 p (in Kaz.).